

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 1343 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 сәуірдегі N 377 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 қазандағы N 1689 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.10.27. N 1689 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Индустриялық-инновациялық саясатты іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 1343 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 49, 560-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Индустриялық-инновациялық саясатты іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесінің құрамына мыналар енгізілсін:

Кравченко - Қазақстан Республикасының Индустрия
Иван Михайлович және сауда бірінші вице-министрі,
төрағаның орынбасары

Әйтимова - Қазақстан Республикасының Білім және
Бірғаным Сарықызы ғылым министрі

Әмірин - "Ұлттық инновациялық қор" акционерлік
Ғұсман Кәрімұлы қоғамы басқармасының төрағасы (келісім
б о й ы н ш а) ;

"Мыңбаев Сауат Мұхаметбайұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға" деген жолда "Премьер-Министрінің орынбасары" деген сөздерден кейін "- Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген құрамнан Жақсыбеков Әділбек Рыскелдіұлы, Күлекеев Жақсыбек Әбдірахметұлы, Доминов Евгений Евгеньевич шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

